

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ЖАМЕТ АБЗАЛ АСҚАРҰЛЫ

Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды
жетілдіру: теория мен практика проблемалары

7М12301 «Құқық қорғау қызметі» (бейінді бағыт) білім беру бағдарламасы
бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға жоба

Ғылыми жетекші:
жалпы заң пәндері
кафедрасының доценті
Р.Р. Нұғманов,
заң ғылымдарының кандидаты,
әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл магистрлік зерттеу жұмысында қадағалау саласындағы проблемалық аймақтарды анықтауға бағытталған аналитикалық жұмысты қамтыды. Зерттеу атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалаудың тарихи мәтінін қарастырудан басталды. Ғылыми талдау қорытындылары бойынша атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде туындайтын проблемаларды шешу мақсатында заңнаманы жақсартуға және жұмысты оңтайландыруға қатысты түрлі ұсынымдар ұсынылды.

РЕЗЮМЕ

Магистерское исследование включало аналитическую работу по выявлению проблем в надзорной сфере. Начальным этапом стало изучение исторического контекста прокурорского надзора за исполнительным производством. Результатом научного анализа стали предложения по совершенствованию законодательства и оптимизации работы для решения проблем, возникающих при прокурорском надзоре за законностью исполнительного производства.

SUMMARY

The Master's degree included analytical work to identify problems in the supervisory field. The initial stage was the study of the historical context of prosecutorial supervision of enforcement proceedings. The scientific analysis resulted in proposals to improve legislation and optimize work to solve problems that arise during prosecutorial supervision of the legality of enforcement proceedings.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
 1. АТҚАРУШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТЕ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ	
1.1 Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың дамуы мен қалыптасу тарихы.....	11
1.2 Шет мемлекеттердегі атқарушылық өндірістің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың орны.....	20
 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылыққа прокурорлық қадағалаудың нысанасы, объектілері мен шектері.....	29
2.2 Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру барысында прокурордың жұмысын ұйымдастыру және бағыттау.....	39
 ҚОРЫТЫНДЫ.....	57
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	60
ҚОСЫМША.....	65

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АІЖОААЖ – Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

ЖСО – Жеке сот орындаушы

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚазАКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚР – Қазақстан Республикасы

МСО – Мемлекеттік сот орындаушы

РФ – Ресей Федерациясы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ФТБ – Федералдық Тергеу Бюросы

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. «Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Қазақстан Республикасында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып танылады» [1].

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес прокуратура мемлекет атынан заңдарда белгіленген шектерде және нысандарда елдің бүкіл аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сот инстанцияларында мемлекеттік мүдделерді білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды іске асырады» [1].

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі талқылаулар атқарушылық өндіріс барысында азаматтардың заңды мүдделерін қорғауды жетілдіруге және осы бағыттағы ықтимал шешімдерге арналды. Бұл ретте, атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарының бұзылуына және сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты шағымдардың жиілеп кетуіне себеп болатын түйінді мәселелерге ерекше назар аударылды.

Қолда бар деректерге сәйкес, сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдар бойынша «1072 іс бойынша татуласуға қол жеткізілді, бұл даулардың осы санаты бойынша бітімгершілік келісімдердің жалпы санының 97% - құрайды. Бұл сотқа жүгінгенге дейін осындай жанжалдарды сотқа дейінгі реттеу рәсімін енгізу қажеттігін көрсетеді» [2].

ҚР Әділет министрлігінің ақпараты сот шешімдерінің орындалуы ең өзекті мәселелердің бірі болып қала беретінін көрсетеді. Өндіріп алушылар әрқашан өздеріне берілген соманы уақтылы және толық көлемде ала алмайды. Негізгі себептер-заңнаманың кемшіліктері және борышкерлердің төлем қабілетсіздігі.

Мысалы, «2023 жылы сот орындаушыларының орындауында жалпы сомасы 9,3 трлн теңгеге 6,7 млн атқару парағы мен басқа да құжаттар болды. Толық өндіріп алу тек 300 млрд теңге сомасына атқарушылық құжаттар

бойынша жүргізілді. 2022 жылы борышкерлердің табысы немесе мүлкінің жоқтығынан өндіріп алу мүмкін болмауына байланысты 2,4 трлн теңге сомасына 608 мың атқарушылық құжат қайтарылды».

«Айта кету керек, Үкімет сағаты аясында ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті төрағасының баяндамасында 2022 жылы жүргізілген прокурорлық тексеру туралы хабарланды, ол дербес деректерді қорғау туралы заңнама талаптарының көптеген елеулі бұзушылықтарын анықтады. Атап айтқанда, сот орындаушыларының электрондық цифрлық қолтаңбалары мен құпия кілттері сот орындаушыларының бірыңғай жүйесіне кедергісіз қол жеткізген және атқарушылық әрекеттер жасаған бөгде адамдардың иелігінде болды».

Сондықтан да прокуратура органдарының сот орындаушыларының қызметтік міндеттерін орындауындағы заңдылықты нығайтуға бағытталған қызметін дамыту қазіргі таңда аса өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Атқарушылық іс жүргізу кезінде сот орындаушыларының әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты өндіріп алушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардан прокуратура органдарына келіп түсетін арыздардың санының артуы байқалуда. Осыған орай, қазіргі уақытта заңдылықты қамтамасыз ету үшін прокурорлық қадағалауды күшейтудің маңызы зор.

Бұдан басқа, өндіріп алушыларға оларды өндіріп алудан бас тартуға мәжбүрлеу мақсатында қысым жасалған жағдайларда, сондай-ақ өндіріп алушылардың пайдасына шығарылған шешімдерді мәжбүрлеп орындау жөнінде тиісті шаралар қабылданбаған кезде прокурорлардың уақтылы араласуы қажет.

Аталған мәселелерді шешуде бұл саладағы заңдардың орындалуын қадағалаудың теориялық және құқықтық негіздерін жаңғырту ерекше орын алады. Сондай-ақ прокурорлардың жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған, бүгінгі күннің талаптарына сай ғылыми тәсілдерді әзірлеу де маңызды.

Шешілетін практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Сот төрелігінің соңғы кезеңі ретінде мәжбүрлеп орындау бойынша жұмыстың тиімділігі мен әділдігі бірінші кезектегі маңызға ие. Алайда, өндіріп алушылардың пайдасына шығарылған сот актілері көбінесе уақтылы және толық көлемде орындалмайды.

Жыл сайын өндіріске миллионнан астам атқарушылық құжаттар түседі. Тиісінше, сот орындаушыларының жұмыс көлемі және осы саладағы қадағалау қажеттілігі прокуратура органдарынан атқарушылық құжаттардың күрделілігінің әртүрлі деңгейін ескеретін жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Республика аумағындағы статистикалық мәліметтерге талдау жүргізсек, 2022 жылы 2163 сот орындаушысы, 2023 жылы 2597 сот орындаушысы және 2024 жылы 2568 сот орындаушысы тәртіптік жазаға тартылғанын көреміз. Бұл көрсеткіштер соңғы жылдарда тәртіптік бұзушылықтар үшін жауапқа тартылған қызметкерлердің санының айтарлықтай өскенін дәлелдейді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 397 түзету енгізілді, алайда бұл сот орындаушылары тарапынан бұзушылықтар санының азаюына әкеп соқпады».

Аталған деректердің сипаты алаңдатарлық жағдайды көрсетеді. Оның үстіне, қадағалау процесінде прокуратура органдарының қызметінде де проблемалардың орын алуы мүмкін, бұл осы мәселелерді осы ғылыми зерттеудің тақырыбы ретінде қарастыруға түрткі болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты - ғылыми еңбектерді, нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық тәжірибені талдау арқылы қарастырылатын саладағы прокуратура органдарының қызметінің іргелі, заңдық және әдіснамалық аспектілерін зерттеу, сондай-ақ прокуратура органдарының жұмыс істеуін құқықтық тұрғыдан тәртіптеу және оны жақсарту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеуді көздейді.

Алға қойған мақсатқа жету үшін келесі зерттеу қадамдары анықталды:

-атқарушылық іс жүргізу контекстінде прокурорлық қадағалау генезисін қадағалау;

-атқарушылық іс жүргізу саласында прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың шетелдік тәжірибелерін қарау және Қазақстан Республикасының заңнамасында кейбір аспектілерді бейімдеу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

-атқарушылық іс жүргізуде прокурорлық қадағалаудың объектісін, шектерін, мақсаттары мен негізгі бағыттарын белгілеу;

- Прокурорлық қадағалаудың негізгі аспектілерін айқындау арқылы сот орындаушыларының жұмысын жақсартуға және заңдылықтың сақталуына бақылауды күшейтуге бағытталған ұсыныстар жасау [3].

Бұл зерттеудің объектісі – Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы (соның ішінде «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңы) шеңберінде сот актілерін және өзге де уәкілетті органдардың құжаттарын мәжбүрлі түрде орындау барысында туындайтын құқықтық байланыстар. Сондай-ақ, прокуратура органдарының осы өндірістегі қызметі де зерттеу аумағына енгізілген.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалау барысында туындайтын проблемалық жайттар және оларды оңтайландырудың ықтимал жолдары осы зерттеудің тақырыбын құрайды.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және салыстырмалы-құқықтық әдістермен қатар, тарихи процестерді, логикалық байланыстарды, жүйелі талдауды, статистикалық мәліметтерді, формальды-логикалық тұжырымдарды және жеке ғылыми танымның ерекшеліктерін қамтитын әдістер қолданылды.

Отандық И.Ж. Бақтыбаев, М.С. Нәрікбаев, Р.Н. Акпарова, М.А. Аленов, Э.Б. Мухамеджанов, Б. Тургараев, Ә.М. Майтанов, М. Алиев, С.Ж. Абдрахманова, Е.С. Кемали, М.А. Мынбаев, И.С. Журсимбаев және т.б. ғалымдардың атқарушылық іс жүргізу мен прокурорлық қадағалау жөнінде

ғылыми еңбектері бар. Прокурорлық және құқық қорғау қызметінің жалпы мәселелерін жан-жақты зерттеумен шетелдік практикалық және ғылыми қызметкерлер айналысқан, олар: В.Г. Даев, В.И. Басков, В.Г. Бессабаров, И.В. Решетникова, В.Н. Додонов, М.Н. Каплин, А.А. Клишин.

Осы магистрлік зерттеу аясында атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауға арналған нормативтік құқықтық актілер мен ғылыми еңбектер зерделеніп, талданды.

Бұл жұмыстың ерекше ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасы прокуратурасының атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықты қамтамасыз етудегі жоғары қадағалауына қатысты теориялық және практикалық мәселелерді жүйелі түрде талдауға алғандығында. Сонымен қатар, прокурорлардың үйлестіру әрекеттерін оңтайландыруға арналған, практикалық қолданысы бар ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар қадағалау қызметінің нәтижелілігін арттыру және аталған саладағы заңдылықты нығайту мақсатын көздейді.

Практикалық ұсынымдар:

1. Зерттеу қорытындыларының бірі ретінде сот орындаушыларының жауапкершілігін күшейту мақсатында олардың лицензияларын уақытша тоқтату немесе айыру ұсынылады. Осыған байланысты, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144-бабының 1-тармағына келесі мазмұндағы 7) тармақшасын қосу ұсынылады: жеке сот орындаушысының рұқсатын тоқтата тұру немесе оның күшін жою, егер прокурорлар бір жыл ішінде сот орындаушысының іс-әрекеттеріне үш реттен астам қадағалау актісін енгізсе.

2. Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды жетілдіру бағытында әзірленген алгоритмі.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Осы магистрлік зерттеудің негізгі ережелері автордың келесі ғылыми жарияланымдарында көрініс тапты:

1. Инновационные подходы в современной науке «Сборник статей по материалам CLXXXII международной научно-практической конференции» конференциясында жарияланған «Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды жетілдіру» атты мақала (Астана қ., 2025 жыл қаңтар).

2. 1 наурыз 2025 жылғы Астана қаласы прокуратурасында «Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды жетілдіру: теория мен практика проблемалары» атты ғылыми зерттеу бойынша алынған ұсыныстар мен нәтижелері Астана қаласы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау және Сотқа дейінгі тергеп- тексерудіңжәне қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау бөлімдерінде енгізілгендігі жөнінде актісі [Қосымша 1].

1. Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың даму тарихы

1.1 Атқарушылық іс жүргізіудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың дамуы мен қалыптасу тарихы

Тарихи деректерге сәйкес, Патшалық Ресейде атқарушылық өндірісті қадағалауда прокуратураның рөлі шектеулі болған, бұл осы бағыттағы жүйенің әлсіз дамуын көрсетеді. Прокурорлар көбіне сот өндірісіне қатысып, қылмыстық істермен шектелді. Азаматтық істер бойынша, соның ішінде сот актілерін орындау саласында прокурордың араласуы шектеулі болды.

Қазіргі әлемде прокуратура институты іс жүзінде әрбір мемлекеттің саяси жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Алайда, прокуратураның қалыптасуы мен эволюциясы ғасырларды қамтитын ұзақ тарихи процесті білдіреді.

«Прокурор» Латын әрпінен аударғанда «қамқорлық жасаймын, қамқор боламын немесе басқарамын деген мағынаны білдіреді» [4,7 б.].

«Ежелгі Римнің өзінде «прокураторлар» әрбір Рим үйінде болған, оларды фермалардағы істерді басқарушы мажордомдарды аға лакейлер деп атаған. Сонымен бірге, императордың әр провинцияда өздерінің прокурорлары (губернаторлары) болды, олар сол кездегі өздеріне бағынышты аумақта істің жай-күйіне, заңның үстемдігіне жеке жауап берді. Алайда, ежелгі Римнің мемлекеттік жүйесінде прокурордың лауазымы ресми болмаған» [4, 11 б.].

Ежелгі кезеңде тергеу мен сот істерінің заңдылығын қадағалау органы болып «прокуратура» «XIII-XIV ғасырларда Францияда құрылған. Оның шығуына корольдік билік арасындағы сипаристер мен феодалдар себепші болды. Алғашқыда прокуратура жазалаушы орган, яғни мемлекеттік мәжбүрлеу құралы

болды. Франция мемлекетінде прокуратураның пайда болуы Ресей секілді мемлекеттерде олардың құрылуына себепші болды» [4, 11 б.].

Франция патшасы «IV Филипп 1302 жылы 25 наурызда прокуратураны монархтың мүдделерін білдіретін орган ретінде құрды, оның органдарының қалыптасуына және оның қызметіндегі бағыттарды анықтауға әсері өте күшті болды» [5, 305 б.].

Франция елінде прокурорлар бастапқы кезеңде адвокаттар рөлін атқарды және олардың қатысуы азаматтық сот ісін жүргізумен шектелді. Кейіннен прокурорлардың өкілеттіктері сенъорлық және шіркеулік сот органдарының қызметін қадағалауды қамтыды.

В.И. Веретенниковтың айтуынша, «прокурор дәл және толық мағынада «патшаның көзі», оның делдалдығы арқылы патша бүкіл мемлекеттік механизмнің дұрыс жүруін қадағалай алады» [6, 27 б.].

Францияда прокуратура институтының пайда болуы тарихи маңызды сәт болды, өйткені бұл құрылымның саяси жүйедегі орны көптеген қазіргі мемлекеттер үшін үлгі ретінде танылды.

Егер көшпелі қазақ сахарасына назар аударсақ, онда қоғамдық тыныштықты сақтау, әдет-ғұрыптарды дәріптеу және даулы мәселелерді шешу билердің іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылды, олар тек қана сотпен шектелмей, ауқымды міндеттерді атқарды. Бұл кезеңде прокуратураның мамандандырылған институты болған емес.

Алайда билердің қазақ қоғамындағы ықпалы мен қызметі өте ауқымды болды. Билердің функционалдығына арналған монографиясында ("біздің ұлы билерімізден Жоғарғы Сотқа дейін") М. С. Нәрікбаев билерді қаралатын және шешілетін даулардың мазмұны бойынша жіктеуді ұсынды:

– Би – көшбасшы. «Билер-көсемдер халық арасында үнемі туылуы тиіс, бұл–туған елінің әл-ауқатының кепілі» [7, 6 б.].

- Би – сөз бастаушы. «Оның сөзі гранитті тасты шаңға айналдыра алады; оның тілі – Қос қырлы қылыш» [7, 6 б.].
- Би – ағартушы. «Олардың дана сөздерінің қоймасы, әуезділігі мен ырғағы, әуені мен сыңғырлаған дыбыс жазуы, тыңдаушыны таңдандыратын пирсингтік интонация ең танымал ақындардың қызғанышын тудырмайды» [7, 6 б.].
- Би – бұл заңгер. Халық арасында: «Екі би бас қосқан жерде төрт даулы мәселе туындайды», – деген қанатты сөз бар. Бұл билердің қатысуымен жиі туындайтын келіспеушіліктерді бейнелейді. «Біреуі - айыптаушы (прокурор), екіншісі - қорғаушы (адвокат), үшіншісі - төреші (судья)» [7, 6 б.].
- Би- елші «тек өз жұртындағы дауларды шешуші ғана емес, сонымен қатар өзге өңірлерге сапарлап, жанжалдарды реттеуге, жақсы қарым-қатынас құруға және осы арқылы өз ұлтының бейбіт, қауіпсіз өмір сүруіне ықпал етті. Ол елшілік және дипломатиялық қызметтерді де атқарды» [7, 6 б.].
- Би – халықтың қорғаны. «Батыл бидің сөзі алдағы жаудың әскерінен гөрі хандар үшін қауіпті» [7, 6 б.].
- Би – саясат танушы. «Олар қоғамның түрлі топтары ішінде келісім, өзара түсіністік қатынастарын орнатуда, елде тұрақтылық орнатуға бағытталған іс-шаралардың басты бастамашылары мен кеңесшілері болды, хандар мен сұлтандарға маңызды саяси мәселелерді шешуге көмектесті» [7, 6 б.].
- Би – тәлімгер. «Ол халық тарихын, әдет-ғұрпын біледі, халық даналығының сақтаушысы, тірі ақыл философы, энциклопедиялық ғалым. Ол өз халқына өткеннің тәжірибесі шоғырланған және болашақты болжай білетін дана сөздер қалдырды» [7, 6 б.].
- Би – психолог. «Би бір қарағанда адамды, оның ішкі мәнін, ниетін, мүмкіндіктерін, жан дүниесінің тереңдігіне ену қабілетін танитын терең және нәзік психолог болуы керек. Би адам психикасының күшті және әлсіз жақтарын қолдана білді, сонымен бірге ол мимика, ым-ишара, қастардың қозғалысы,

жарқын күлімсіреу арқылы жүректі жаулап алған керемет суретші болды, бірақ қорқынышты көзімен, қатты үнсіздікпен, қолдың өткір қимылымен ала білді» [7, 6 б.].

«Билер сөздің адамға әсер ету құпиясын білді, жүректен жүрекке ыстық сөздерді жеткізе білді» [7, 6 б.].

– Би- тәрбиелеуші. «Ол өзінің би атағын мақтан тұтатын халықтан алыс емес еді [7, 6 б.].

Ол басқалардың қажеттіліктерін түсінді, мұқтаж адамдарға көмектесуден бас тартпады, әлсіздерді, үмітсіздерді қолдады, жас ұрпаққа қамқорлық жасады, жас, тәжірибесіз адамдарды дұрыс жолға бағыттады, оларды қиындықтардан қорықпауға және өз күшіне сенуге үйретті»

Осылайша, заңды білімі бар және айыптау функцияларын жүзеге асырған бии іс жүзінде прокурорлық қызметті жүзеге асырды деп айтуға болады [8, 95 б.].

XVIII-ғасырдың 30 жылдары басталған және XX ғасында аяғында аяқталған Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи процесі қазақ қоғамының өміріне үлкен өзгерістер әкелді [9, 15 б.].

1979 жылғы 30 қарашада қабылданған «КСРО прокуратурасы туралы» Заңы прокуратура қызметінің негізгі бағыттарын анықтап берді. Аталған заңға сәйкес, прокуратураның негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. «КСРО Конституциясы мен заңдарының дәл және біркелкі орындалуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру – бұл мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың заңдарды сақтауын қадағалау.

2. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу мен анықтаудың заңдылығын бақылау – яғни, құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстарды тергеу кезінде заңдылықтың бұзылуына жол бермеу.

3. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру – прокурорлар сотта мемлекеттік айыптауды қолдап, әділеттіліктің орнауына ықпал етеді.

4. Сот үкімдерінің, шешімдерінің және қаулыларының заңдылығына қадағалау жасау – сот актілерінің заңға сәйкестігін қадағалау.

5. Қамауда ұстау орындарындағы заңдылықтың сақталуын бақылау – бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шектелуімен байланысты жағдайларда заң талаптарының бұзылмауын қамтамасыз ету» [10, 14 б.].

Сонымен қатар, «1979 жылы»КСРО прокуратурасы туралы» Заңның 31-бабында прокурорларға сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын орындауға жүгінген кезде заңдардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру міндеті бірінші рет жүктелді. Заңда прокурор үкімдерді, шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды орындауға жүгінудің заңдылығын тексеретіні және сот орындаушыларының әрекеттеріне наразылық білдіретіні белгіленді»[11, 55 б.].

Прокурорға сот орындаушысының заңға қайшы әрекеттеріне наразылық келтіру және шағым бойынша тексеру жүргізу немесе наразылықты қарау кезеңінде мүліктік өндіріп алуға қатысты орындалмаған сот шешімдерінің орындалуын тоқтата тұру құзыреті берілген. Бұл ереже мемлекеттің сот шешімдерін орындау барысын бақылау мен қадағалаудың маңыздылығын көрсетеді.

1991 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР прокуратура органдарының біртұтас жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулысы Қазақ КСР Бас Прокурорына тікелей бағынатын бірыңғай прокуратура жүйесінің қалыптасуына негіз болды [12, 151 б.].

«ҚР прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 17 қаңтардағы қаулысына сәйкес, прокуратура органдары Жоғарғы

Кеңеске есеп берумен қатар, заңдардың орындалуына жоғары қадағалауды іске асыруға міндеттелді [13, 21 б.].

Жоғарыда аталған заңнама негізінде прокуратура органдарының құқық қорғау функциясының эволюциясының нәтижесі болды деп сеніммен айтуға болады.

1993 жылғы 12 ақпандағы мемлекеттік бағдарламада көрсетілген мемлекеттіліктің, демократиялық институттар мен құқықтың серпінді дамуы құқықтық жүйенің жаңа тұжырымдамалық негіздерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасады. Бұл мемлекеттік бағдарлама прокуратура органдары қызметінің негізгі қағидаттарын реформалауды көздеді, ««Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңымен бекітілді және 1995 жылғы 30 тамыздағы негізгі заңда Конституциялық Растауды алды» [14].

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, прокуратура бірыңғай орталықтандырылған құрылымға ие және мемлекет атынан келесі негізгі функцияларды атқаратын орган болып табылады:

1.«Заңдылықтың сақталуын қадағалау – мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауын қадағалау;

2.Сотта мемлекеттің мүдделерін білдіру – мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында сот процестеріне қатысу және тиісті талап-арыздармен жүгіну;

3.Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру – қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу мен анықтау органдарының әрекеттерін қадағалау, сондай-ақ айыптауды қолдау;

4.Құқықтық актілердің заңдылығын қадағалау – қабылданып жатқан құқықтық актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігін тексеру және заңға қайшы актілерге наразылық енгізу;

5. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу және оларды қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау» [15, 296 б.].

Атап көрсеткен жөн, тәуелсіз мемлекет атанған кезде алғаш рет 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы ««Прокуратура туралы» Заңымен атқарушылық іс жүргізудің заңдылығында қадағалауды жүзеге асырды»

Сонымен қатар, «1998 жылғы 30 маусымдағы Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңының 5-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындау туралы қаулы атқарушылық құжат болып табылады және орындалуға жатады. Бұл норма прокурорлық ден қою актілерінің орындалуын және барлық адамдардың, оның ішіне меншік нысанына қарамастан ұйымдардың заңдылықты сақталуын қамтамасыз ету үшін өзін орнықтырды» [16].

«Прокуратура туралы» «2010 жылғы Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың салдарынан, атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың белгілі бір жағдайларда борышкердің банкроттегі немесе банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және өзге де мүліктік құндылықтарына тыйым салу туралы шешімдеріне рұқсат беру құзыретінен айырылды» [17].

Сот тағайындаған жазалау шаралары мен өзге де мәжбүрлеу сипатындағы шаралардың орындалуы аясында прокурордың құзыреті кең. Ол бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың заңды тұрғыда ұсталуын қамтамасыз етіп, сотталғандарды ұстау ережелері мен жағдайларының сақталуын қадағалайды, сондай-ақ олардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғайды. Сонымен бірге, прокурор бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалу заңдылығына бақылау жүргізеді, және азаматтық,

қылмыстық, әкімшілік істер бойынша бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі сот шешімдерінің орындалуының заңдылығын тексереді.

Атқарушылық іс жүргізу заңнамасы прокурордың рөлі мен өкілеттіктерін нақты айқындайды. Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген түзетулер мен толықтырулардың нәтижесінде 2022 жылғы 5 қарашада «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Конституциялық Заңы қабылданды. Бұл жаңа заң прокуратура қызметінің құқықтық негіздерін одан әрі нығайтты.

Бұл кезде, прокуратура мемлекет атынан «ҚР-ның аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады».

«Прокуратура – мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, ал айрықша жағдайларда ҚР Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады».

Сондай-ақ, «прокуратура органдарының жоғары қадағалауының шектері мен нысандары анықталып, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қызметінде заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауда шекаралары белгіленді. Тексерулер тағайындауы, прокурорлардың талап қоюмен сотқа жүгінуі үшін негіздер қысқартылды. Қадағалау нысандары анықталды: құқықтық актілерді, оның ішінде заңды күшіне енгендерді тексеру, талдау, бағалау. Прокурорлық қадағалау актілерінен ұйғарым және ескерту алынып тасталды».

Атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықты қадағалауда соңғы уақытта елеулі өзгерістер орын алды. «Прокуратура туралы» Заңға сәйкес,

прокурор қадағалау функциясын іске асыру барысында келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

- Сот орындаушысының іс-әрекеттерінің заңдылығын тексереді (Заңның 6-бабы, 3 және 4-тармақтары).

- Сот орындаушылары шығарған қаулыларға санкция береді.

- «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, атқарушылық құжатты бір сот орындаушысынан алып, оны басқасына беру үшін өкілетті аумақтық әділет органына немесе жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жібереді, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де құзыреттерді жүзеге асырады» [17].

Прокурорлық қадағалаудың қалыптасуын талдай отырып, Қазақстан прокуратурасының дамуындағы үш негізгі кезеңді ажыратуға болады.

Бірінші кезең XVIII – XX ғасырдың басынан бастап хронологиялық тұрғыдан патша Ресейінің қазақ даласын отарлау кезеңін қамтиды. Бұл кезде қазақ даласында прокуратураның мамандандырылған органы болмаған. Оның функцияларының белгілі бір бөлігін би институты атқарды.

Екінші кезең прокуратура органдары құрылған Қазақстандағы Кеңес өкіметі кезеңімен (1917-1989) байланысты. 1979 жылдан бастап дәл осы кезеңде прокуратураға атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау функциясы алғаш рет жүктелгені назар аудартады. Айта кету керек, сот орындаушылары институтының (1864-1979 жж.) қызмет ету кезеңінде осы салада прокурорлық қадағалау функциясы қарастырылмаған.

Үшінші кезең 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялауды. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу жолында прокурордың атқарушылық іс жүргізудегі рөлі мен қызметінің ауқымы "Прокуратура туралы" Заңға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кеңейтілді [18, 177 б.].

1.2 Шет мемлекеттердегі атқарушылық өндірістің заңдылығында прокурорлық қадағалаудың орны

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын және олардың даму үрдістерін прокурорлық қадағалаудың қазіргі заманғы шетелдік модельдерін зерделеу жинақталған тәжірибені талдау және қазақстандық жүйені жетілдіру үшін құндылық болып табылады.

Прокуратура органдарының мәртебесі мен құзыреті әлемнің әртүрлі елдерінде айтарлықтай ерекшеленеді. Прокуратура мен оған ұқсас институттардың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің әртүрлі модельдері бар. Прокуратура органдарының өкілеттіктері және сот шешімдерін орындауға жауапты органдардың қызметі дамыған елдердің саяси жүйесіндегі сот билігінің жағдайына тікелей байланысты.

Назар аударарлық жайт, Франция, АҚШ және Германия тәрізді елдерде прокуратура органдарының басты қызметі қылмыстық қудалауды іске асыру болып табылады. Бұл мемлекеттердегі сот орындаушыларының қызметін бақылау сот органдарына жүктелген.

«Француз атқарушылық өндірісінің ерекшелігі – астрент. Бұл борышкердің негізгі қарыз сомасынан басқа, борышкерге жүктелген міндеттер толық орындалғанға дейін күн сайын өсетін өсімпұлды төлеу міндетін білдіреді. Астрентті судья анықтауға құқылы. Кейбір жағдайларда оның мөлшері заңмен анықталады»

Мәжбүрлеп орындату органдарының дербестігі мен жеке сипатына қарамастан, француз құқық жүйесінде атқарушылық іс жүргізу дәстүрлі түрде азаматтық іс жүргізу құқығының бөлігі ретінде, азаматтың сот төрелігіне қол жеткізуінің ажырамас шарты ретінде қарастырылады. Францияда атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру арқылы жеке құқық саласындағы юрисдикциялық актілер орындалады. Қоғамдық құқыққа келетін болсақ, оның аясында

мемлекеттік қазынашылықтың сот орындаушыларының арнайы жүйесі жұмыс істейді [19, 45 б.].

Алыс және жақын шет елдердің атқарушылық іс жүргізу саласындағы прокурорлық бақылау туралы заңнамалық актілерін талдау нәтижесінде бұл мәселелердің ортақ тарихи бастаулары бар екендігі және олардың Қазақстан Республикасында, Ресей Федерациясында және ТМД-ның басқа да мемлекеттерінде кең таралуы анықталды.

«Ресей Федерациясының прокуратурасы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауда сот приставтарын заңдарды орындауын қадағалауды жүзеге асырады».

Осылайша, «Ресейде сот приставтарымен атқарушылық әрекеттерді орындауға тартылған кәсіби аудармашыларға, білікті мамандарға қызметтерді орындағаны үшін сыйақы мен өтемақы төлеудің заңдылығын қадағалаудың маңызды элементі болып табылады» [20].

Прокурорлық қадағалау атқарушылық алым шотына түскен ақша қаражатын бөлу кезіндегі заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, прокурорлар сот орындаушыларының тиімді қызметі үшін берілетін материалдық ынталандырудың заңдылығына ерекше көңіл бөледі.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Ресей Федерациясы прокуратурасының құзыреті мен Қазақстан Республикасы прокуратурасының өкілеттіктері арасында көптеген ұқсас тұстар бар деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен, Ресей Федерациясында мәжбүрлеп орындау функциясын сот орындаушылары жүзеге асырса, ал Қазақстанда жоғарыда аталған қызмет түрін сот орындаушылары атқарады. Қазақстанда сот орындаушылары институты мемлекеттік және жеке секторларға бөлінген. Бұл екі бағыттың ара жігі – мемлекеттік сот орындаушыларының сот қауіпсіздігін қамтамасыз етуге

басымдық беруі, ал жеке сот орындаушыларының негізгі міндеті сот шешімдерін орындау болып табылады [21].

Соған қарамастан, қазіргі уақытта сот орындаушыларының даулы істерді орындау кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала береді.

Америка Құрама Штаттарында, жеке коллекторлық агенттіктер жүзеге асыратын сот шешімдерін орындаудың тиімді жүйесі сот актілерін мемлекеттік құрылымдардың тікелей қатысуынсыз жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бұл олардың қызметін қарызды өндіріп алудың әділ әдістері туралы заңмен қатаң реттеуге қарамастан орын алады.

Бұл жүйеде мемлекеттік органдарға жүгіну мемлекеттік биліктің беделі мен кеңейтілген құқықтарын пайдалануды талап ететін ерекше жағдайларда ғана іске асырылады. Америка Құрама Штаттарындағы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік жүйесі Қазақстандағыдай бірыңғай қызметтің болмауымен ерекшеленеді және оны бірнеше мекемелер жүзеге асырады. Сот орындаушыларының функцияларын Шериф қызметі және АҚШ маршалдары қызметі (US Marshals Service) атқарады, бұл елдің мемлекеттік құрылымының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Америка Құрама Штаттарының Конституциясына сай, АҚШ сот билігі АҚШ Жоғарғы Соты мен Конгрестің құруымен пайда болған федералдық төменгі соттарға жатады. Конституцияға енгізілген оныншы түзету әрбір штаттың өз сот жүйесін құру құқығын заңнамалық тұрғыда бекітеді.

«АҚШ Жоғарғы Соты федералды және штат соттарының қызметіне араласуға құқығы жоқ. Осыған байланысты АҚШ сот төрелігін қамтамасыз ету және сот шешімдерін орындау жөнінде мемлекеттік органдардың қос жүйесі жұмыс істейді. Тиісінше, атқарушылық іс жүргізу Федералды ережелер және белгілі бір штаттың азаматтық сот ісін жүргізу ережелерімен жүзеге асырылады».

Шерифтердің атқаратын қызметтері талап-арыздар, шағын сомаларды өндіріп алу талаптары, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар, алимент міндеттемелері, салық берешегін өндіріп алу, мүлікті тәркілеу және тасымалдау бойынша сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету кіреді. «Сот шешімдерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында шериф борышкердің мүлкін, жеке өзі немесе уәкілетті ұйымдардың көмегімен сатуға құқылы».

Федералды сот орындаушысының функциялары АҚШ маршалдарына да жүктелген. АҚШ маршалдары қызметінің басты міндеттерінің бірі сот шешімдерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

«Сот шешімі шыққаннан кейін оны өз еркімен орындауға борышкердің 30 күні бар. Егер борышкер көрсетілген мерзімде өз міндеттемелерін орындамаса, кредитор мәжбүрлеп орындау рәсімін бастауға құқылы. Өндіріп алу тек жеке меншікке қатысты мүмкін болғандықтан, борышкерге тиесілі мүлікті анықтау үшін жеке детективтік агенттіктерге немесе сотқа жүгіну арқылы жүзеге асыра алады».

Америка Құрама Штаттарында сұралған ақпаратты ұсынбағаны немесе куәгердің сотқа келмегені үшін мәжбүрлеу шаралары қарастырылған. Мысалы, кейбір штаттарда Көлік құралдарын басқару құқығынан уақытша айыру немесе әртүрлі Рұқсаттар мен лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру тәжірибесі кең таралған. Алиментті қасақана төлемейтіндер, олардың қаржылық жарамдылығы туралы дәлелдер болған жағдайда, қажетті мәліметтер берілген сәтке дейін қамауға алынуы мүмкін.

АҚШ маршалдары қызметінің құзыретіне федералды прокурорлар, Федералды тергеу бюросы, Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармалары, Ұлттық қауіпсіздік департаменттері және зиянды заттарды қадағалау бюросы кіреді. Бұдан басқа, қызмет тәркіленген мүлікті басқаруды және өткізуді жүзеге асырады. Тәркілеуді сату заңдардың орындалуын қамтамасыз етудің және құқық қорғау органдарының кірістерін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

2010 жылы жалпы ұлттық бағдарлама аясында жалпы құны 3,9 млрд. бағаланған мүліктен алынған қаражат қылмыс құрбандарына өтемақы төлеуге жұмсалған.

Тәркіленген мүлікті сатудан алынған қаражат 1984 жылғы "тәркілеу туралы" Заңның ережелеріне сәйкес тергеуге қатысқан барлық құқық қорғау органдарына бөлінді. Алайда, мұндай тәжірибе көпшіліктің аралас реакциясы мен сынына себеп болды. «Олар зардап шеккендер мен шығындарды өтегеннен кейін алынған қаражат мемлекет бюджетіне жұмсалмай, федералды құрылымдардың қатаң бақылауымен бүкіл халықтың қажеттіліктеріне жұмсалуы керек деп санайды».

Тәркіленген мүлікті сату, басқару және сақтау қажетті біліктілігі мен сенімді беделі бар аккредиттелген компанияларға тапсырылады. Тәркіленген мүліктің жай-күйі мен бастапқы құны туралы ақпарат АҚШ маршалдары қызметінің ресми сайтында және аккредиттелген компаниялардың веб-ресурстарында жарияланады. Мүлікті сату процесі электрондық аукциондар арқылы жүзеге асырылады. АҚШ-тағы атқарушы өндіріс жүйесін қарастыру оның басқа мемлекеттік органдармен және құрылымдармен өзара әрекеттесу контекстінен тыс мүмкін емес.

«Қазақстанның сот жүйесі, жергілікті атқарушы органдары мен атқарушылық іс жүргізудегі органдардың құрылымы АҚШ-тан айтарлықтай ерекшеленеді. АҚШ-тағы маршал және шериф қызметтерінің өкілеттілігі нақты айқындалмағандықтан көптеген дау тудырып, соттың араласуы қажет».

Осы жағдайда заңдылықтың сақталуы және өндіріп алушы мен борышкердің құқықтарының қамтамасыз етілуіне кепілдік беріледі. Соған қарамастан, көптеген құзыреттерді беру барлық бөлімдердің қызметіне бақылаудың жоғалуына соқтыруы мүмкін (мәселен, сот қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мүлікті сату және т.б.). «Шериф қызметінде нақты заңдық реттеудің болмауы бақылаудың әлсіреуінің басты себебі болып есептеледі. Десек те, АҚШ-

тағы ұзақ жылдық тәжірибе мен халықтың жоғары құқықтық мәдениеті осы мәселелерді шешуге көмектеседі» [22].

Сот орындаушы мемлекеттік қызметшілер болып табылмайды және олардың табысы мемлекет белгілеген тарифтерге сәйкес ақы алу есебінен қалыптастырылады. Мысал ретінде, мәжбүрлеп орындау рәсімі аясында құжаттарды жеткізуге жұмсалған қаржыны мемлекет жабады, алайда соңында бұл шығындар борышкердің қаражатымен өтеледі. Егер сот орындаушысы құқықтық саладағы басқа да мамандар ұсына алатын заңдық қызметтерді көрсетсе, оның алатын сыйақысының көлемі өтініш білдірген тарап пен жасалған келісімде көрсетіледі.

Германияда атқарушылық өндіріс азаматтық процестің ажырамас элементі ретінде қарастырылады. Оның мақсаты тек құқықтық жанжалды реттеумен шектелмей, сонымен қатар сот шешімімен бекітілген міндеттемені мәжбүрлі түрде іске асыруды да қамтиды. Бұл тәсілдің тамыры ертеден келеді, себебі бұрынғы жалпы неміс заңнамасына сәйкес сот шешімдерін іске асыру несие берушінің тиісті өтініштері негізінде жұмыс істеген судьяның тікелей бақылауымен жүзеге асырылған (Германияның атқарушылық ісінде несие беруші мен борышкер тараптар болып саналады). «ҚР-нан айырмашылығы, Германияның құқықтық жүйесі жеке және ұжымдық атқарушылық іс жүргізу болып бөлінумен, олардың арасында айырмашылық бар. Біріншісі жеке несие беруші басқа несие берушілермен бәсекелес бола отырып, борышкердің мүлкінен өндіріп алатындығымен сипатталады»

Жеке сот орындаушыларының қызмет сапасын арттыру және олардың құзыретін ұлғайту мақсатында, осы баптың 1-тармағының бесінші абзацына «тиісті лицензиясы болса, сот орындаушысы тыйым салынған мүліктің нарықтық құнын тәуелсіз түрде бағалауға және анықтауға құқылы» деген толықтыру енгізуді жөн көреміз.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 74-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот орындаушысы тыйым салынған мүлікті (заңнамамен айналымнан алынған және 77-баптың 3-тармағында көрсетілген мүліктерден басқа) сатуды атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бірыңғай электрондық сауда алаңында немесе уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата ұйымдастыратын басқа да бірыңғай электрондық сауда алаңында жүзеге асыруға құқылы.

Жеке сот орындаушылар сату кезінде мүлікке тыйым салған азаматтардың құқықтарын сақтау және олардың осы әрекеттер туралы хабардар болуын қамтамасыз ету негізделген болып ұсынылады.

Осыған байланысты көрсетілген бапты сот орындаушысының өндіріп алушы мен борышкерді сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін өткізілген аукцион нәтижелерімен тиісінше хабардар ету және таныстыру міндетін көздейтін 1-1-тармақпен толықтыру ұсынылады.

Осылайша, біз қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу арқылы сот орындаушыларының құқықтары мен міндеттерінің ауқымын кеңейту және олардың жауапкершілік деңгейін арттыру қажет деп санаймыз.

Неке-отбасы заңнамасын қолдану тәжірибесін және елдегі алимент төлемдерін өндіріп алу динамикасын талдау алимент алуға заңды құқығы бар балалардың едәуір бөлігі іс жүзінде мұндай мүмкіндіктен айырылғанын көрсетеді.

Бұл ретте негізгі проблемалардың бірі алимент төлеуден әдейі жалтару, табыс көздері мен мөлшері туралы ақпаратты жасыру, сондай-ақ борышкерлердің жауапсыз мінез-құлқы болып табылады [49].

Мемлекеттік органдардың түрлі бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыруына қарамастан, алименттік міндеттемелер бойынша атқарушылық құжаттар санының айтарлықтай қысқаруы байқалмайды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қорғаншылық институтын құруды, мемлекеттік алимент қорын құруды, жүргізуші куәлігінен уақытша айыру мүмкіндігін және басқа да шараларды көздейтін "алимент бойынша төлем жасамауға 30 қадам" жобасын әзірледі.

Нәтижесінде әдістемелік ұсынымдар әзірленді, сот орындаушыларының сұраныстарын өңдеу кезінде мәліметтер базасының жұмыс істеуінің техникалық мәселелері жойылды және борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдарды жіберу тәжірибесі жинақталды.

Осыған қарамастан, осы уақытқа дейін қабылданған шаралар алимент бойынша атқарушылық құжаттар санының айтарлықтай азаюына әкелмеді және балалардың құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз етпеді.

Осыған байланысты шетелдік тәжірибені зерделей отырып, АҚШ, Франция, Латвия, Испания және басқа елдерде қолданылатын алимент бойынша төлемдермен күресудің тиімді тетіктері айқындалды.

«АҚШ елінде алимент бойынша борышкерлер автомобильдерге блокаторлар қояды екен. Көк – егер ол ұлына, қызыл – қызына төлемесе. Егер 2,5 мың доллар қарыз болса, олар АҚШ азаматының төлқұжатын алады».

Сонымен қатар, «Латвия мемлекетінде алименттерді ай сайын аударуды балаларды күтіп-бағуға арналған қаражаттың кепілдік берілген Қоры жүзеге асырады. Егер ата-ана ақшалай төлемдер туралы сот шешімін орындамаса, қор ақша төлейді. Мемлекеттік алимент елдегі ең төменгі жалақыға байланысты белгіленген».

«Франция мемлекетінде некені бұзу көп ақша талап етеді. Бұл туралы адвокаттың ажырасу, жылжымайтын мүлікті бөлу, өтемақы және алимент төлеу кезінде сотта өкілдік ету үшін төленетін ақысы болып табылады. Балаларды қолдау жұбайының табысына және оның кінәсінің дәрежесіне байланысты».

Бұған қоса, Испания мемлекетінде судья әрбір жағдайда алимент мөлшерін әр жұбайдың материалдық жағдайына, сондай-ақ ажырасу кезіндегі балалардың өмір сүру деңгейіне қарай белгілейді. Ажырасу олардың біреуінің экономикалық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жағдайда, бір жұбайдың екіншісіне өтемақы төлемдері жүргізілуі мүмкін. Оларды тағайындау кезінде судья бұрынғы ерлі-зайыптылардың жасы, денсаулығы, неке ұзақтығы, олардың кәсіби біліктілігі сияқты факторларды ескереді.

Біздің еліміздің жағдайында жоғарыда аталған шетелдік тәжірибені бейімдеу орындалмаған алимент міндеттемелерінің санын қысқартуға және балалардың жағдайын жақсартуға ықпал етеді деп санаймыз.

Жалпы, елдегі алимент бойынша атқарушылық құжаттардың орындалмау проблемасын бірнеше негізгі себептер бойынша жіктеуге болады:

- Жеке сот орындаушыларының атқарушылық өндірістермен қағазбастылықтың көбеюі;

- Жеке сот орындаушылардың үлкен пайда алу мақсатында өндіріп алудың үлкен сомаларымен өндірістерді басымдықпен орындауы, бұл алимент бойынша атқарушылық құжаттарды елемеуге әкеледі;

- Жеке сот орындаушыларының атқару парақтарын жоғалтуының жиі жағдайлары;

- Алимент төлеуден жалтарған борышкерлерді іздестіру жөніндегі шаралардың тиімділігінің жеткіліксіздігі;

- Елде алимент бойынша нақты берешек бойынша сенімді ресми статистиканың болмауы;

- Борышкерлердің нақты кірістерін әдейі жасыру;

- Борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелерінде сот орындаушыларының бастамашылығының жеткіліксіздігі және т. б.

Аталған санаттағы істер бойынша прокурорлық қадағалаудың тиімділігін төмендететін факторлардың бірі – атқарушылық құжаттардың санына және алименттік қарыздардың жиынтық көлеміне қатысты болып келеді.

Прокурорлар борышкерлерді жауапкершілікке тарту мәселелерін есепке алуды жетілдіруді жоспарлап отыр, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелетін қылмыстық істер санын азайтуда көрініс табуы тиіс.

Алимент төлеуден әдейі жалтару жағдайында, кінәлі тұлғаға 600 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тарту, екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе қамауға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

Құқықтық тәжірибедегі маңызды проблемалардың бірі – жеке сот орындаушыларының борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартуы. Мәселен, жеке сот орындаушылары борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін арызды мемлекеттік сот орындаушылары арқылы сотқа жолдауға мәжбүр болады.

Бұл ретте әрбір атқарушылық өндіріс бойынша мемлекеттік сот орындаушысына жүгіну қажеттілігі тиімділіктің төмендеуіне және оның жұмысындағы уақыт шығындарының көбеюіне әкеліп соғады.

Алайда, қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде прокуратура органдары алименттік қарызы бар борышкерлерді өздігінен шақырады және алынған түсініктемелердің нәтижелері бойынша тиісті қаулылар қабылдап, оларды сотқа жібереді [50].

Айта кету керек, алимент төлеуден жалтарған борышкерлер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапқа тартылады.

Соттың шығарған үкімдерін, шешімдерін, өзге де актілерін, сондай-ақ атқару құжаттарын орындамау әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Бұл жауапкершілік бес айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл немесе бес тәулікке дейінгі әкімшілік қамаққа алу арқылы жүзеге асырылады.

Соттың айыппұл салуы алименттік борышкерлердің жазаны да орындамауына алып келуі ықтимал, бұл мемлекет кірісіне өндіру туралы жаңа атқару құжатының қажеттілігін тудырады. Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін толықтыру өзекті болып отыр.

Қолданыстағы Кодекске сәйкес ««ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 669-бабының 1-бөлігінде сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» [51].

Осылайша, ықпал ету шараларын қатаңдату арқылы борышкерлердің ата-аналық жауапкершілігін күшейту мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз.

Бұдан басқа, көп жағдайда жүргізілген талдау немесе тексеру нәтижелері бойынша прокуратура органдары жіберген ұсыныстарға уәкілетті органдардың жауаптары ресми сипатта болады және қажетті нәтижелерге әкелмейді. Ұсынуда қозғалған мәселелерді толық қамтымау немесе кінәлі адамдарға тек тәртіптік жаза қолдану мысал бола алады.

Бұл ретте, заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті. Заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау

актілерін қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Прокурорлық қадағалау актілеріндегі қаулылар мен нұсқауларды зерделеу арқылы олардың орындалуға жататындығын нақтылауға болады.

Құқық қолдану практикасында уәкілетті органдардың прокурорлардың ұсыныстарына ресми қатынасы жиі байқалады.

ҚР «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 36-бабының 2-ші тармағында көрсетілгендей, заңнамалық кемшіліктер анықталған кезде, оларды түзетуге бағытталған ұсыныс тиісті басшылық немесе мекеме тарапынан отыз күн ішінде міндетті түрде қаралуға тиіс. Егер адам өміріне, денсаулығына немесе мемлекеттік қауіпсіздікке елеулі қауіп төнсе, прокурор ұсынысты қарау мерзімін шұғыл түрде айқындайды.

Прокурордың санкцияны бектуі. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217–VI ҚР Заңымен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске түзетулер енгізілген болатын»

Сот орындаушыларының қаулыларына санкция беру жөніндегі прокурорлық өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесінің пайда болуы объективті қажеттіліктен туындаған. Бұл санкциялардың негізгі түрлеріне мыналар жатады:

-Борышкердің банк шоттарындағы ақша қаражатына, сондай-ақ банк және сақтандыру ұйымдарындағы мүлкіне тыйым салу.

-Борышкерге немесе үшінші тұлғаларға тиесілі жылжымайтын мүлікті тәркілеу.

-Меншік құқығын куәландыратын құжаттарды алу және заңнамада көзделген өзге де шектеу шараларын қолдану.

Бұл ретте прокуратура органдарының қызметіндегі негізгі проблемалардың бірі санкциялауға күн сайын түсетін материалдардың едәуір көлемі болып табылады [52].

Атап өтерлігі, көптеген аудандық, қалалық және ауданаралық прокуратураларда, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралардың қоғамдық мүдделерді қорғауға арналған бөлімдерінде атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды бар болғаны бір прокурор жүзеге асырады.

Сонымен қатар, қадағалауды жүзеге асыратын прокурор мемлекеттік органдар қызметіне талдау, тексеру және тапсырмаларды орындаумен айналысады.

Мұндай жағдайларда әр санкцияның дұрыстығын мұқият зерделеу және оны уақтылы бекіту физикалық мүмкін емес.

Осыған байланысты аудандық немесе оларға теңестірілген прокуратураларда санкциялау мәселелерін жеке прокурорға ғана қарау міндетін қосымша бекіту қажет болып көрінеді.

Бұл сапасыз санкция азаматтардың құқықтарының бұзылуына немесе қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығына әкелуі мүмкін екендігіне байланысты.

Сонымен қатар, осы саладағы прокурорлық бақылаудың тиімділігін арттыру бақылау қызметін ұйымдастыруды жақсартумен байланысты. Бұл тұрғыда келесі негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

-Төменгі сатыдағы прокурорлардың жұмысындағы кемшіліктерді уақтылы табу және жою;

-Бақылауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды жетілдіру;

-Бақылау қызметінің нәтижелерін уақтылы талдау және назарға жеткізу;

-Прокурорлар арасында тәжірибе алмасу процесін жақсарту;

-Құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикалық іс-шараларды уақтылы жүргізу.

В.Д. Ломовский пікірінше, «прокурорлық қадағалаудың шегіне сандық көзқараспен ғана ол бозғылт, түсініксіз болып қалады, бұл белгісіз мөлшерде ериді, әрдайым өзгеру мүмкіндігі бар, іс жүзінде белгісіз бақылау қызметіне айналады. Прокурорлық қадағалаудың сапалы шекаралары маңызды, Прокурорлық қадағалаудың сапалық шекаралары оның мәнін, болмысын, оны іс жүзінде жүзеге асыруды анықтау үшін маңызды. Прокурорлық қадағалаудың сапалы шекаралары ғана оның мәнін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді»

Сондай-ақ, В.Д. Ломовский көзқарасымен пайымдауынша прокурорлық қадағалаудың жоғары сапасын қамтамасыз етудің ерекше маңыздылығын атап өткен жөн, өйткені оның әрбір қасиеті қадағалау қызметін жүзеге асыратын органның келбетін қалыптастырады [53].

Прокурорлық қадағалауды жетілдіру мақсатындағы нақты шаралар:

1. Қадағалау тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды енгізу;
2. Атқарушылық іс жүргізу бойынша арнайы прокурор бөлімшелерін құру;
3. Сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты прокурорлық талдау және тұрақты мониторинг жүргізу;
4. Қадағалау актілерінің нәтижелілігін арттыру;
5. Құқық қорғау органдары мен Әділет министрлігі арасында өзара іс-қимылды нығайту;
6. Азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдарын қарау тетіктерін жетілдіру;
7. Прокурорлардың кәсіби даярлығын күшейту;
8. Қоғамдық бақылау элементтерін енгізу;

Қорытындылай келе, заңнама қарқынды дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Бұл тиімділікті қамтамасыз ету, атқарушылық өндірісті прокурорлық қадағалау процесінде туындайтын проблемаларға ден қою және қадағалаудың әртүрлі нысандары мен әдістерін әзірлеу үшін үнемі жетілдіру қажеттілігіне байланысты.

Жүргізілген зерттеулер атқарушылық іс жүргізу саласындағы бақылау механизмін жақсарту үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің аса маңыздылығын толықтай негіздеді.

Зерттеуде көрсеткендей, аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралардағы жұмыс жүктемесінің жоғары болуына байланысты қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлардың санын көбейтудің маңызы зор.

Біздің болжамымыз бойынша, алдағы уақытта аталған салада заңдылықтың үстемдігінің деңгейі үздіксіз түрде жоғарылайтын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықты прокурорлық қадағалауды жетілдіру мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелері негізгі проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған келесі тұжырымдарды жасауға негіз береді.

Қорытындылай отырып, біз «прокурорлық қадағалауды» мемлекеттің барлық өңірінде заңдылықтың үстемдігін қамтамасыз етумен қатар, құқыққа қарсы әрекеттерді анықтау, олардың салдарын жою және алдын алумен бірге, әрбір индивид пен азаматтың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін қорғаудың маңызды әрі сенімді институты ретінде қарастырамыз.

Атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықты бақылауда прокурорлық қадағалаудың құзыреті осы саладағы барлық қатысушылардың әрекеттерін реттейтін заңдармен, олардың негізінде қабылданған нормативтік-құқықтық актілермен, сондай-ақ бұл құқықтық қатынастарды регламенттейтін өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады.

Жүргізілген талдаулар атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықты нығайту үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға уақытылы түзетулер мен толықтырулар енгізудің өзектілігін көрсетті.

Сот орындаушыларына қолданылатын тәртіптік жазалардың тиімсіздігін ескере отырып, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144-бабының 1-тармағына 7) тармақшаны қосу ұсынылады. Бұл толықтыру бір жыл ішінде бес және одан да көп прокурорлық қадағалау актісі тіркелген жағдайда жеке сот орындаушысының лицензиясын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныс практикалық қызметте прокурорлық қадағалау актілеріне ден қою жауапкершіліктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейтін және құқық бұзушылықтардың одан әрі өсуіне ықпал ететін тәртіптік сипаттағы шараларды қолданумен шектелетіндігіне байланысты. Тиісті Статистика бұған дәлел бола алады.

Осы саладағы шет елдердің тәжірибесін талдау бірқатар оң тәжірибелерді анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, Латвияда ай сайын алимент төлеуді жүзеге асыратын балаларды асырауға арналған кепілдендірілген қаражат қоры жұмыс істейді. Ата-ана алимент төлеу туралы сот шешімін орындамаған жағдайда, Қор тиісті төлемдерді жүргізеді. Мемлекеттік алимент мөлшері елдегі ең төменгі жалақы негізінде анықталады. Қазақстанда осы тәжірибені бейімдеу балаларды киім-кешек пен оқу керек-жарақтарын қоса алғанда, қажетті құралдармен қамтамасыз етуге ықпал ететін еді.

Ресей Федерациясының тәжірибесі сот актілерін орындау кезінде күштік қолдауды қамтамасыз ететін және сот мекемелерінде қауіпсіздікке кепілдік беретін ҚР Әділет Министрлігі жанындағы Сот приставтары институтын құрудың тиімділігін көрсетеді.

Шығарумен байланысты атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру кезінде сот орындаушыларының қауіпсіздігін арттыру мақсатында кезекші прокурорды алдын ала хабардар ету және кезекші прокурорды, полиция қызметкерлерін, жедел медициналық жәрдем бригадасын, өрт сөндірушілерді және психологты қамтитын сот шешімін орындау үшін арнайы топты қалыптастыру орынды болып табылады.

Осылайша, елдегі атқарушылық іс жүргізу саласында прокурорлық қадағалауды жетілдірудің тиімді технологияларын кезең-кезеңімен енгізу және заңнаманы жетілдіру арқылы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу шешуші және дәйекті іс-қимылдарды талап етеді.

Бүгінгі күні бұл салада бірқатар өзекті мәселелердің шешілмей қалғандығын атап өткен жөн. Демек, осы магистрлік диссертациялық жұмыс зерттеліп отырған проблемалық аймақтарды толық қамтуға қабілетсіз, бұл ғылыми зерттеулерді осы бағытта одан әрі тереңдету мен кеңейтудің маңыздылығын айқындайды.

Атқарушылық өндіріс саласындағы заңдылықтың сақталуы – құқықтық мемлекеттің және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етудің маңызды шарты. Бұл ретте прокурорлық қадағалаудың тиімді жүзеге асырылуы атқарушылық іс жүргізудің заңға сәйкестігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Зерттеу барысында анықталғандай, қазіргі таңда атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалау қызметін жүзеге асыруда бірқатар жүйелі мәселелер мен кемшіліктер орын алып отыр. Олардың қатарында нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі, прокурорлардың құқықтары мен өкілеттіктерінің нақты шектелмеуі, ақпараттық жүйелердің біріктірілмеуі және кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі секілді проблемалар бар.

Атқарушылық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалауды оңтайландыру үшін мынадай шаралар ұсынылады:

- Прокурорлардың атқарушылық өндіріс процесіне қатысу механизмдерін айқындау және олардың ауқымын ұлғайту;

- қолданыстағы заңнаманы жүйелеп, нақтылауға бағытталған өзгерістер енгізу;

- электрондық қадағалау жүйелерін дамыту арқылы цифрлық технологияларды белсенді қолдану;

- қадағалау тәжірибесін талдау негізінде әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтарды әзірлеу;

- мамандандырылған прокурорлардың кәсіби біліктілігін арттыру мен оқыту жүйесін жетілдіру.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы прокурорлық қадағалау тетіктері нығайып, атқарушылық өндіріс саласында заңдылық пен әділеттілік деңгейі арта түсетіні сөзсіз. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің нақты қорғалуына, сондай-ақ құқық үстемдігі қағидатының орнығуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

- 1 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электрондық ресурс]–Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. (жүгінген күні: 21.10.2024).
- 2 Совершенствование защиты прав сторон в исполнительном производстве. Проблемы и пути решения. [Электронный ресурс]– Режим доступа: <https://gurk.kz/news/sovershenstvovaniezashhity-prav-storon-v-ispolnitelnom-proizvodstve-problemy-i-puti>. (дата обращения: 11.01.2025).
- 3 Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы // М. Сейтқазықызы - Алматы, 2006. – 128 б.
- 4 Прокурорский надзор в 2 т. Том 1. Общая часть: учебник для бакалавриата и специалитета / под общей редакцией О. С. Капинус. — 4-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2018. 30 с.
- 5 Прокурорский надзор: учебник / под ред. В.Г. Бессарабов– М: ТК Велби, 2006. – 536 с.
- 6 Веретенников В.И. Очерки истории генерал-прокуратуры в России доекатерининского времени.:Харьков -1915. - 27 с.
- 7 Нарикбаев М.С. От наших великих биев до Верховного Суда, (к вопросу о деградации суда биев в XIX в.). Алматы, «Атамұра», 2000. - 52 с.
- 8 Прокурорский надзор в Республики Казахстан: (конспект лекций) / под ред. Мухамеджанова Э.Б.: Алматы:Жеті жарғы, 2012. – 152 с.
- 9 Кутафин О.Е. Предисловие // Звягенцев А.Г., Орлов Ю.Г. Оно государево. Российские прокуроры XVIII век. – М., 1994. – 320 с.
- 10 Прокурорский надзор в Российской Федерации: вопросы Общей части: Учебное пособие / Воронин О.В. - Томск: Изд-во НТЛ, 2007. – 192 с.
- 11 Прокурорский надзор: учебник / под ред. Н.В. Ласкина. – М.: изд-во Юстицинформ., 2012. – 173 с.

- 12 Прокурорский надзор в Республики Казахстан: Учебник / под ред. С.К. Журсимбаева: Алматы:Издание третье. 2020. – 336 с.
- 13 «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау»: Оқулық. / под ред. М.С. Нәрікбаев, Ғ.Қ. Өтебаев, М.М. Әлиев.: «Әділет» Республикалық ғылыми-білім орталығы ЖШС, Астана, 2005. – 396 б.
- 14 «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 ҚРЗ заңы. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002709>. (жүгінген күні: 25.01.2025).
- 15 Мынбаев М.А., Прокурорлық қадағалау актілерімен азаматтардың еңбек құқықтарын қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңдегі прокуратура органдарының құқық қорғау қызметі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 23-24 қараша 2004ж. Алматы: ДП Эдельфейс, 2005. – 416 б.
- 16 «Прокуратура туралы» ҚР 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081>. (жүгінген күні 25.01.2025).
- 17 «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы. [Электрондық ресурс]- Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_. (жүгінген күні:25.01.2025).
- 18 Авакян А.В., Ярков В.В. Краткий обзор зарубежных систем исполнительного производства// Арбитражный и гражданский процесс. 2004. – № 1. 226 с.
- 19 Кузнецов Е.Н. Исполнительное производство Франции. СПб. - 2005. - 251 с.
- 20 Системы принудительного исполнения зарубежных стран. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ilex.by/news/sistemy-prinuditelnogo-ispolneniya-zarubezhnyh-stran/>. (дата обращения: 15.02.2025).
- 21 Полномочия суда в исполнительном производстве: функциональная характеристика. [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://www.oimsla.edu.ru/sites/default/files/monografiyasattarova_1.pdf. (дата обращения: 04.02.2025).

- 22 Исполнительное производство в США. [Электронный ресурс]– Режим доступа: <http://publishing-vak.ru/file/archive-law-2011-3/8-artemyeva.pdf>. (дата обращения: 05.02.2025).
- 23 Клишин А. А. Шет елдердің еңбек құқығы. Германия: оқу құралы / Бакалавриат және магистратура үшін оқу құралы/ А. А. Клишин, А. А. Шугаев. - М. Баспа Юрайт, 2019. — 188 б.
- 24 Прокурорский надзор: Учебное пособие / под ред. Акпаровой Р.Н: Астана, 2008. – 208 с.
- 25 Бессарабов В.Г. Прокуратура России в системе государственного контроля. – М., 1999. – 483 с.
- 26 Суд и правоохранительные органы Республики Казахстан: Учеб. Пособие / под ред. Алиев М.М. – Алматы, 2003. – 336 с.
- 27 Правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебное пособие / под ред. Журсимбаева С.К. – Алматы.: NAS, 2007 – 224 с.
- 28 Винокуров А.Ю. Надзор за исполнением законов судебными приставами: отдельные вопросы теории и практики // Актуальные вопросы организации и деятельности прокуратуры: избранные статьи. – М., 2011. –506 с.
- 29 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016894>. (жүгінген күні: 10.02.2025).
- 30 Винокуров А.Ю. О пределах прокурорского надзора и пределах познания о нем // Актуальные вопросы организации и деятельности прокуратуры: избранные статьи. – М., 2012. – 506 с.
- 31 Коробейников Б.В. Основные понятия общего надзора // Вопросы теории и практики прокурорского надзора: сб. Ч. 2. – М.: 1975. – 259 с.
- 32 Долежан В.В. Проблемы компетенции прокуратуры: дис. юрид. наук: 12.00.02. – М., 1991. – 36 с.

- 33 Даев В.Г., Маршунов М.Н. Основы теории прокурорского надзора. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1990. – 136 с.
- 34 Прокурорский надзор: Учебник / под ред. Винокурова Ю.Е. 6-е изд., 2006. – 460 с.
- 35 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. [Электрондық ресурс]– Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_. (жүгінген күні: 12.02.2025).
- 36 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. [Электрондық ресурс]– Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (жүгінген күні: 15.02.2025).
- 37 Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. [Электронный ресурс] // официальный сайт – Режим доступа: [http://www. qamqor.gov.kz](http://www.qamqor.gov.kz). (дата обращения: 20.02.2025).
- 38 Прокурорский надзор: учебник / под ред. Ястребова В.Б. – М.: Городециздат, 2001. – 400 с.
- 39 Прокурорский надзор: учебник для вузов / под общ.ред. О.С. Капинус. – М. Юрайт, 2013. - 231 с.
- 40 Прокурорский надзор: учебник / под ред. А.Я. Сухарева. – М. Норма, 2009. - 214 с.
- 41 Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқу құралы / под ред. Майтанов Ә.М.: Қарағанды: ҚР ІІМ Бәрімбаек Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2010. - 111 б.
- 42 Словарь Ожегова. Толковый словарь русского языка. [Электронный ресурс] //Режим доступа: <http://www.ozhegov.com/words/20711.shtml>. (дата обращения: 25.02.2025).
- 43 Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы / Егембердиев Е.:2-басылым. – Астана: 2011. – 160 б.

- 44 Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы / Аленов М.А., Қосанов Ж.Х., Шукеев Б.Ж.: Астана, 2012. - 200 б.
- 45 Исполнительное производство: учебник / А.В. Закарлюка, И.В. Решетникова, Е.А. Царегородцева; под ред. И.В. Решетниковой. Москва. Юстиция, 2017. - 354 с.
- 46 Правоохранительная система в Республики Казахстан: учебн. Пособие / под ред. Бакбергенов Н.А.— Астана 2000.—216 с.
- 47 Теоретические проблемы права исполнительного производства: Монография / Тургараев Б. — Алматы.: КазНУ им. Аль-Фараби, 2006. — 350 с.
- 48 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық ресурс] — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>. (жүгінген күні: 09.03.2025).
- 49 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі. [Электрондық ресурс] — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>. (жүгінген күні: 09.03.2025).
- 50 «Алименты. 30 шагов против неуплаты». [Электронный ресурс]— Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39564154&pos=183;-26#pos=183;-26. (жүгінген күні: 11.03.2025).
- 51 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. [Электрондық ресурс] — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (жүгінген күні: 15.03.2025).
- 52 Санкционировать действия судoisполнителя. [Электронный ресурс]— Режим доступа: <https://zanmedia.kz/3851/sanktsionirovatdejstviya-sudoispolnitelya/>. (дата обращения: 15.03.2025).
- 53 Ломовский В.Д., Прокурорская проверка исполнения законов. Учебное пособие [Электронный ресурс]— Режим доступа: <http://lawlibrary.ru/izdanie37632.html> (дата обращения: 15.03.2025).

КОСЫМША 1

Енгізу актісі

ҚОСЫМША 2

Жоба

Атқарушылық өндірісте прокурорлық қадағалауды жетілдіру бағытында әзірленген алгоритм

1. Кіріспе бөлім.

Атқарушылық өндіріс мемлекеттегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Бұл өндірістің тиімділігі азаматтардың құқықтарын қорғаудың, сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етудің және мемлекеттік мүдделерді сақтаудың ажырамас бөлігі. Осыған байланысты прокурорлық қадағалау атқарушылық өндірістің заңдылығын бақылауда шешуші рөл атқарады.

Аталған әдістеме атқарушылық өндірістегі прокурорлық қадағалауды жетілдіру және уәкілетті органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту мақсатында әзірленді. Әдістеме заңнамалық талаптарға сай және тиімді құқықтық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Алгоритмнің негізгі кезеңдері.

I кезең. Ақпарат алмасуды ұйымдастыру

Прокуратура мен сот орындаушылары арасында тұрақты ақпараттық байланыс орнату.

Электрондық деректер базасын интеграциялау арқылы атқарушылық өндірістер туралы жедел мәлімет алу.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасуды регламенттеу (хаттамалар, мерзімдер, жауаптылар).

Прокуратураға сот орындаушыларының қызметі туралы деректердің уақытылы түсуін қамтамасыз ету.

Атқарушылық өндірістердің электрондық есебін жүргізу және оған прокуратураның қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Мәліметтер алмасуды жеделдету үшін прокуратура мен сот орындаушыларының бірыңғай ақпараттық жүйесін құру.

II кезең. Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының өндірісіндегі атқарушылық өндірістерді тұрақты түрде талдау жүргізу және бақылау.

Прокуратура атқарушылық өндірістер бойынша сот орындаушыларының жұмысына ай сайын талдау жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдары, Ішкі істер министрлігі және басқа да тиісті мекемелермен бірлесіп бақылау шараларын жүзеге асырады.

Прокуратура атқарушылық іс жүргізу заңдылығының сақталуын тексеріп, бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қабылдайды.

Кешенді мониторинг және тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу.

Атқарушылық өндірістің тиімділігін арттыру үшін құқықтық статистика жүргізу.

Сот орындаушыларының жұмысына прокурорлық тексерулердің негізінде бағалау жүргізу.

III кезең. Проблемалық істерді анықтау және шешу.

Атқарушылық құжаттарды орындау мерзімдері бойынша бұзушылықтарды анықтау.

Прокуратура заң бұзушылықтар туралы уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу.

Сот орындаушыларының әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты азаматтардың шағымдарын қарау.

Атқарушылық өндірістердің сапасын арттыру бойынша сот орындаушыларына әдістемелік және заңгерлік көмек көрсету.

Мемлекеттік органдардың және сот орындаушыларының қызметіндегі жүйелі проблемаларды анықтап, оларды шешу бойынша заңнамалық бастамалар енгізу.

Орындау деңгейі төмен істер бойынша себептерін анықтап, оларды жою шараларын енгізу.

Сот орындаушыларына қатысты қызметтік тергеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қарастыру.

IV кезең. Жаңа технологиялар мен цифрландыруды енгізу.

Прокуратураның ақпараттық жүйелерін автоматтандыру.

Электрондық бақылау құралдарын пайдалану (GPS-мониторинг, смарт-контракттар).

Атқарушылық өндірістерді автоматтандыру арқылы қағазбастылықты азайту.

Азаматтар мен заңды тұлғалар үшін онлайн-портал арқылы өтініштерді қабылдау және өңдеу.

Сот орындаушылары мен прокуратура арасындағы электрондық өзара іс-қимылды жетілдіру.

Кешенді деректер талдау жүйесін әзірлеу және енгізу.

Блокчейн технологияларын қолдану арқылы деректердің бұрмалануына жол бермеу.

V кезең. Прокурорлық қадағалау тиімділігін арттыру

Бұл тақырыпты таңдау себебім, ең бастысы прокуратура органдары қызметіне оңтайлы жақтарын қарастыра отырып, қадағалау жүйесіндегі кемшіліктерді азайтып, төменгедідей іс-шараларды ұсынамын:

Прокурорлардың біліктілігін арттыру мақсатында оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру.

Прокуратура мен уәкілетті органдар арасындағы үйлестіру кеңестерін тұрақты өткізу.

Атқарушылық өндірістің тиімділігін арттыру бойынша заңнамалық ұсыныстар әзірлеу.

Прокуратураның қадағалау практикасын жетілдіру үшін сот орындаушыларының жұмыс тәжірибесін зерделеу және талдау.

Қадағалау қызметінің тиімділігін бағалау үшін нақты көрсеткіштер жүйесін енгізу.

Сот актілерінің орындалу деңгейін арттыру мақсатында прокурорлардың сот шешімдерін орындау процесіне белсенді араласуын қамтамасыз ету.

3. Қорытынды.

Бұл әдістемеде прокуратура мен уәкілетті органдар арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға және атқарушылық өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа технологияларды енгізу, құқықтық бақылауды күшейту және кешенді талдау жүргізу арқылы заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Прокуратура тарапынан жүйелі бақылау мен заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ электрондық басқару тетіктерін дамыту құқықтық тәртіпті нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға септігін тигізеді.

Аталған әдістемені жүзеге асыру атқарушылық өндірістің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың сот шешімдерінің орындалуына деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар, прокурорлық қадағалаудың жаңа құралдары мен тәсілдерін енгізу заңдылықты сақтауды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.